

## Асыл есім

## МҰСТАФА ҚАЗЫ ҒҰБАЙДОЛЛАҒҰ

**Мұстафа қажы Ғұбайдоллаұлы 1880 жылы Челябинь облысының Қызыл ауданындағы Қайыңды деген жерде дүниеге келген. Руы – Жағалбайлы, Бозбет, Жәдігер. Бес жасында анасынан, он бірге келгенде әкесінен айырылып, әкесінің інісі Нұртайдың қолында тәрбиеленген. Мәңгілік сапарына аттанарында әкесі ұлына Троицкдегі Зайнулла ишанның медресесінде дәріс алуды өсиет еткен.**

## РАСУЛИЯ

Зайнулла Расулев пен оның Троицк қаласында ашқан медресесі жайлы қысқа мағлұмат XIX ғасырдың басында Троицк қаласы Ислам білімінің ірі орталығы болғаны мәлім. 1883 жылы осында Зайнулла Расулев негізін қалаған «Расулия» деп аталған медресе ашылды. Расулия медресесі басында конфессионалдық мектеп болып, оқу бағдарламасына негізінен теологиялық пәндер енді. Расулияның мұддарисі Зайнулла жадидизмді ұстанып, сол кездері Ислам діни мектептеріндегі схоластикаға қарсы болды. Медресе шәкірттері Исламды дәстүрлі логикамен догматикаға ғана сай оқыған жоқ. Оқу бағдарламасында Құран, хадистер және Ғабдынасұр Құрсауи мен Шихабеддин Маржанидің еңбектері де бар болатын. Зайнулла Расулевтің еңбегінің арқасында Троицк қаласы мұсылмандарға маңызды оқу орталығы және халидия-нақшбандия сопылық бауырластығын әрі қарай таратуға негіз болды.

1893 жылы Зайнулла Расулевтің арқасында медреседе дыбысты оқыту әдісі, сынып-сабақ жүйесі, сондай-ақ зайырлы пәндерді менгеру енгізілді. XX ғасырдың басында медресе 11 жылдық оқу курсы бар жартылай зайырлы оқу орны болды. Медресе басшылығына Зайнулла ишанның баласы Ғабдырахман Расулев келген кезде білім беру бағдарламасына діни ілім, араб, түрік, орыс тілдері, каллиграфия, оқу, жаттау және Құран мен хадис тәпсірі, математика, Ресей және жалпы тарих, Ислам тарихы, теология, мұсылман құқығы, этика, гигиена, география, табиғаттану, физика, химия, зоология және педагогика кірді. Оқу татар тілінде жүргізілді. Медресе жанынан баспахана жұмыс істей бастады. Бұл баспаханада казактың алғашқы журналы «Айқап» басылды. Медресе садақа есебінен қаржыландырылды. Зайнулла ишанның өзі 19 мың рубль салып, басқа да меценаттардың көмегімен 1905 жылы екі негізгі ғимарат сатып алынды. XX ғасырдың басында оқу ақылы болды (жылына 8 рубль). Медресе ішінен ауқымды кітап қоры бар кітапхана ашылды. Зайнулла Расулев кітапханаға өзінің кітап коллекциясын және 3,5 мың рубль көлемінде қаржы уақып етті.

Жалпы Троицк медресесін замандастары жоғары бағалаған. Расулия медресесін француз тарихшысы Александр Беннгсен: «Бұл медресе - мұсылман әлеміндегі ең жақсы академиялық институттың бірі», - деп сипаттаған.

Мұстафа Ғұбайдуллин әкесінің өсиеті бойынша, Зайнулла Расулевтің медресесіне келеді. Мұстафа қажы естеліктерінде Зайнулла ишанның медресеге шәкірттерді қалай қабылдағандығы жайлы қызық деректер келтірген. Медресеге білім алуды қалаған барлық бала түсе алатын. Шәкірттер ішінде Мұстафа сияқты жетім балалар да болатын. Зайнулла ишанның айтуынша, медресе шәкірттерді үш топқа бөлетін. Балаларды қарым-қабілетіне қарай ишанның өзі осы топтарға бөлетін. Бірінші топқа молдалық, имамдық білім алушылар кіретін. Екінші топтағылар адам емдеуді үйренді. Оларға терең білім берілетін. Тамырын басып, адамның қай жері ауыратынын және оның дертінің тиісті ем-домын беруді үйрететін. Үшінші топ – «жер астында оқытандар». Бұл топтағыларға жандарды басқаруды үйрететін. Мұстафа қажы Расулия медресесінің бірінші тобына қабылданып, молданың оқуын оқыды.

## МОЛДА

Медресені бітірген соң Мұстафа Ғұбайдуллин Қондыбай ауылының мешітінде молда болады. Сонымен қатар жергілікті медреседе балаларға дәріс берді. Оның молдалық қызметі Екінші дүниежүзілік соғыс және соғыстан кейінгі жылдарға тұспа-тұс келді.

Соғыстың алғашқы кезеңі – 1941 жылғы 22 маусымнан 1942 жылғы 18 қарашаға дейін кеңес халқы үшін ең ауыр да қасіретті кезең болғаны белгілі. Елге қауіп төнеді. Осы кезде И.В.Сталин Орталық мұсылмандар діни басқарма мүфти Ғабдырахман ишан Расулевты (Зайнулла ишанның ұлы) Уфадан алдырып, одан жәрдем сұрайды. Сталин мүфтиден Зайнулла ишанның шәкірттері - Троицк медресесінің түлектерінің халыққа уағыз айтып, елімізді жаудан қорғауға атсалысуын, мұсылмандарға бұл соғыстың қасиетті соғыс екенін түсіндіруді сұрайды. Осылайша Сталин мұсылмандардың рухын көтеру мақсатында діни рәсімдерді орындауға, намаз оқып, ораза ұстауға рұқсат береді.

Мұстафа қажы Ғабдырахман ишаннан тапсырма алған соң барлық казак, татар, башқұрт, шешен, ингуш, басқа да мұсылмандарды Жетіқараның ең үлкен ғимараты – аудандық мәдениет үйіне жинайды. Намаз оқылып болған соң халыққа Отанды қорғау үшін қасиетті соғыс жүріп жатқанын түсіндіріп, садақа жинауға шақырады. Мұстафа қажының үндеуіне құлақ асқан жұрт ақшалары мен ешекпей бұйымдарын әкеле бастайды. Жетіқара ауданы мұсылмандарының атынан №14 есепшотқа 20 мың рубльге жуық садақа аударылады. Көнекөз қариялардың айтуынша, Мұстафа қажы соғыстан оралмаған боздақтардың үйіне барып олардың рухына Құран бағыштаған. Осындай қиын-қыстау кезеңде халықпен бірге болған. Соғыс Мұстафа қажының өзін де айналдырды. Екі інісі Самрат пен Омар, екі ұлы Қанзафар мен Ғаббас қан майданнан оралмады.

1943 жылы Орталық мұсылмандар діни басқармасы 10 млн рубльге жуық қаражат жинап, оны танк колоннасының құрылысына аударған. Ал мүфти Ғабдырахман Расулевтің өзі жеке жинағанын 50 мың рубль тапсырған. Сталин «Известия» газетінде КСРО мұсылмандарына және мүфти Ғабдырахман ишанға Қызыл әскердің жеңісіне қосқан қомақты үлесі үшін алғыс білдірген. Мүфти Ғабдырахман Расулевтің «Ислам» атты кітабында оның 1945 жылы Жетіқарада жұмыс сапарымен болғаны туралы дерек тіркелген. Автор осы кітаптың бір данасын Нұртаза қажының әкесі Бекен қажыға сыйлаған.

## НАҚТЫ ДЕРЕКТЕР

Соғыстан кейінгі жылдары мұсылман қауымы белсенді әрекетке көшті. Қазақстанның жер-жерінде жамағат билікке мешіт ашу туралы өтініш білдіре бастады. Себебі 1920 жылдардың аяғында дінге қарсы күрес барысында мешіттер жабылып, діни ғимараттар клуб, мектеп, кеңсе, қоймаларға айналған болатын. Осы жағдайларға байланысты мұрағат деректерін ұсынамыз. Құжатта КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі уәкілетті кестенің 1946 жылдың 18 шілдесінде Қостанай облысы бойынша берген есебі бар. Онда Қостанай облысы аудандарындағы мешіттердің жағдайы туралы мәліметтер келтіріледі.

Жетіқара ауданында 1929 жылға дейін жеті мешіт болған: №18 Қондыбай ауылындағы мешіт, Төлбай мешіті, Жарасбаевтар мешіті Жетіқара Алтын кенішінен

көшіріліп, орнына кеңсе, тұрғынүйлер салынған. Айке, Минтай мешіттері Чкалов (Орынбор) облысының Адамовский ауданына қарасты болған. Жетіқарадағы және бір мешіт дәріханаға айналған. Шортанды өзенінің оң жағалауында орналасқан бұл мешіт Тасболатов Нұрмұхаммед қажының (руы – Құтпанай) қаражатына салынған болатын. Атап өткендей, мешіттің техникалық жағдайы жақсы. Көлемі – 375 шаршы метр, қабырғалары, едені мен төбесі - ағаштан, шатыры темірден жасалған, сыйымдылығы – 250 адам, кіреберісі бөлек (КОММ, 268 –қор, 11- тізбе, 73- іс, 25-26 -парақтар).

Семиозер ауданы бойынша 1929 жылға дейін бес мешіт болған. Бірлік ауылдық кеңестің аумағындағы бұрынғы мешітке Киров колхозы «мектеп ашты» делінген. Көктал мешіті «Сұлукөл» совхозының қоймасына айналған. Ноғайкөл мешітінде Кенжатқан колхозының мектебі ашылған. Бесінші мешіт аудан орталығында болған. Ол да мектеп болып пайдаланылып, кейін екі жыл бойы бос тұрған. Соғыс жылдары бір бөлмесіне неміс қоныстанушылары орналастырылған. «Мешіт үйі құлайын деп тұр» делінген.

1946 жылы ауданда бір мұқтасиб молда болған. 1946 жылғы 20 қыркүйекте мұсылман жамағаты жаңа мешіт ашу туралы мәселе көтерген (КОММ, 268 –қор, 11- тізбе, 73- іс, 39-парақ). Әулікөл ауданының жергілікті аксақалдарына мешітті ресми тіркеуден өткізуге тек 1991 жылы ғана мүмкіндік берілген.

Урицкий ауданы бойынша 1929 жылға дейін жеті мешіт болған. Бөкетал мешіті 1933 жылы өз орнына «Сорокинский» МТС қожалығына көшіріліп, асхана ретінде пайдаланылған. Ақпанбек мешіті 1930 жылы Оразай кеңшарының фермасына көшіріліп, тұрғынүй ретінде іске асырылған. Найзабек мешіті «Қазақстан» колхозында мектеп болған. Аққозы мешіті бұрынғы орнынан Карл Маркс колхозына көшіріліп, кейде қойма, кейде атқора ретінде пайдаланылған. Құттыбай мешіті «Еңбек» колхозынан он шақырым жерде жартылай қираған күйде бос тұрған. Ақшебек мешіті 1929 жылы жанып кеткен. «Қызыл әскер» колхозындағы Есенғазы мешіті қойма болған. 1946 жылы ауданда екі хазірет қызмет еткен.

1946 жылғы 28 желтоқсанда мұсылман қауымы жаңа мешіт ашу туралы әрекет етуді бастаған (КОММ, 268 –қор, 11- тізбе, 73- іс, 51-парақ). 1993 жылғы желтоқсан айында ғана Сарыкөл (Урицкий) ауданы орталығынан Аққозы қажы мешіті ашылды.

Жетіқарада жаңа мешіт ашу туралы билікке үн қатқандардың бірі Мұстафа қажы Ғұбайдуллин болатын. Мұрағат құжаттарына сәйкес, 1946 жылғы шілденің басында Жетіқара қаласының 754 мұсылман жамағаты Қырзаудың көшесіндегі №21 Ғұбайдуллин Мұстафа молданың үйінен мешіт ашу туралы өтініш білдірген (КОММ, 268 –қор, 11- тізбе, 73- іс, 19-парақ).

1946 жылғы 16 шілдеде облыстық кеңестің атқару комитеті «Ғұбайдуллин Мұстафа - молда, қолында 1945 жылғы Орта Азия және Қазақстан мүфтиі берген молдалық құжаты бар Жетіқара қаласы мен оған жақын аудандарда жұмыс істеп тұрған құлшылық үйлері жоқ» деген қорытынды шығарған (КОММ, 268 –қор, 11- тізбе, 73- іс, 20-парақ). Алайда 1947 жылғы наурызда жетіқаралық мұсылман жамағатының мешіт ашу туралы өтініші «жалдау келісімі мерзімінің

аяқталуына байланысты» деген шартты сылтаумен қабылданбайды. Тек 1990 жылы ғана Жетіқара қаласының мұсылмандары мешітті ресми тіркеуге қол жеткізе алды.

Соғыстан кейінгі жылдары басқа жерлерден де мешіт ашу туралы өтініш жолданған. 1946 жылғы шілдеде Таран ауданының мұсылмандары Саламатов Дәуім молданың бастауымен Куйбышев атындағы колхозда мешіт ашу туралы өтініш білдірген (КОММ, 268 –қор, 11- тізбе, 73- іс, 23-парақ). Алайда олардың өтініші де қабылданған жоқ. 1999 жылғы 19 қарашада ғана мешіт ресми түрде тіркелді.


1946 жылы қыркүйек айында амангелділік Файзолла қари Сатыбалдин Аманкелді ауданында мешіт ашу туралы мәселе көтерген. Алайда ол да қолдау таппаған (КОММ, 268 –қор, 11- тізбе, 73- іс, 398-парақ). 1992 жылы ғана Амангелді тұрғындары жаңа мешіт құрылысын бастап, 1993 жылы іске қосты. Мешітке Файзолланың әкесі «Сатыбалды ишанның» аты берілді. Файзолла қари Әулікөлде молда болған, 1959 жылы дүниеден өткен.

## ДІНИ АХУАЛ

Облыстағы діни ағымның жағдайы туралы 1947 жылғы 29 қыркүйектегі анықтамада былай делінген: «Облыстағы жергілікті қаржы органдары тіркелген діни қызметкерлердің бәріне табыс салығын төлеуді жүктеді. Соңғы кездері облыстық кеңес ешбір қауымдастыққа ғибадат үйлерін қайта ашуға рұқсат бермеді және діни ұстанымына қарамастан, қай жерде болса да, рұқсат берілмейінше, қызмет көрсетуге үзілді-кесілді тыйым салынды. 1947 жылғы 19 тамыздағы Ораза айт мейрамы колхоз өндірісіне әсер етпеді. Себебі шаруашылық қамынан босамаған мұсылмандар оны тойламады. Облыс аймағынан емшілер, ишандар мен мүридтер табылмады. Өңірде киелі, зиярат ететін орындар жоқ (КОММ, 268 –қор, 11- тізбе, 73- іс, 77-парақ).

Ресми анықтамадан белгілі болғандай, соғыстан кейінгі жылдарда да билік 1920 жылдардың аяғынан бері қалыптасқан мұсылмандардың құқығын таптау саясатын ары қарай жалғады. Сол себепті елдімекендердегі мұсылман қауымының мешіт ашу туралы өтінішін жергілікті билік қабылдамады. Осыны түсінген Қостанай қаласындағы Ислам дінін ұстанушылардың бастамашыл тобы қаланың орталық мешітін қайтару мақсатында 1948 жылғы 24 мамырда Кремльге жүгінуді ұйғарды. Белсенділер Шамсутдин Бағауитдинов, Аймағамбет Спанов, Құрмаев, М.Гайдинов, З.Насыров, М.Қабасова, Ш.Қадырова КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы Н.М.Шверникке мұсылман жамағатына намаз оқитын ғимарат қажет екенін айтып, өтініш хат жазды. Осылайша олар Қостанай қаласындағы 1932 жылы тәркіленген орталық мешіт пен қала шетінде орналасқан Нариманов мешітін қайтаруды өтінді (КОММ, 268 –қор, 11- тізбе, 73- іс, 251-парақ).

Алайда Қостанай мұсылмандары белсенділерінің орталық билікке жолдаған өтінішінен еш нәтиже болмады. Арада қырық жылдан астам уақыт өткенде, 1991 жылы ғана орталық мешіт – Ақ мешіт ресми түрде Қостанай жамағатына қайтарылды. Ақ мешіт 1893 жылы А.Яушев деген көпестің қаражатына салынған. Бүгінгі таңда ол Марал ишан атындағы мешіт деп аталады. Сонымен қатар өңірдегі тарихи ескерткіш. Айта кетейік, Марал ишан 1780 жылы туған. Тәуелсіздік



үшін күрескен Кеңесары ханның замандасы. Қазақ үшін күреске үш жүздің қамқоршысы, тарихи тұлға.

Қостанай облысындағы діни ахуал туралы айтқанда, Қазақстандағы Дін істері жөніндегі кеңес уәкілінің жергілікті билікке айтқан сөзін келтіруге болады: «Сіздер тұрып жатқан Қостанай облысы - Қазақстанның бір кездері діни ағым жайлаған аймағының бірі. Өйткені бұл өңір жергілікті молдалар, яғни облыс халқының арасында діни уағыз жұмыстарын жүргізген ірі ишандар мен молдалар арқылы Троицк, Уфа және т.б. қалалармен тығыз байланысты болған. Қазіргі жағдай қандай, сіздер тұратын облыстағы діни ағымның ахуалы қандай: дамып жатыр ма, әлде әлсіреп бара ма? Мұсылман дініне қызмет етушілер және сол секілділер немен айналысады?» (КОММ, 268 –қор, 11- тізбе, 73- іс, 211-бет). Құжаттың осы үзіндісінен байқанымыздай, билік Қостанай облысының мұсылман қозғалысының қосбасшысы, Исламның орталықтары Троицк, Уфа, т.б. қалаларымен байланыстыратын көпір деп таныды.

## ТІЗІМ

Қазақ КСР-і билігі мұсылмандардың құқығын шектеу саясатын жалғастырғанымен қалалар мен елдімекендердегі молдалардың қызметі тоқтаған жоқ. Молдалар ресми түрде тіркелмегенімен, іс жүзінде өз қызметін атқарған. Қостанай облыстық мұрағатынан 1950 жылғы 28 наурыздағы тіркелмеген діни қызметкерлер – молдалар тізімі табылды. Олар – діни қызметкерлер ретінде тіркелмеген Шамсутдин Бағауитдинов (Қостанай, Красноармейская көшесі, 19-үй), Мұстафа Ғұбайдуллин (Жетіқара, Қырзаудың көшесі, 21-үй), Файзолла қари Сатыбалдыұлы (Амангелді ауданы), Шариф Испулов (Семиозер ауданы), Әбіш Байғенов (Урицкий ауданының «Қазақстан» колхозы), Жүсіп Аққожаев (Урицкий ауданының «Октябрь» колхозы), Дәуім Саламатов (Таран ауданының Куйбышев колхозы) т.б. (КОММ, 268 –қор, 11- тізбе, 73- іс, 385-бет). Байқанымыздай Мұстафа қажы Ғұбайдуллин бұл тізімде Жетіқара қаласының молдасы ретінде тіркелген.

## ӨТІНІШ

Біз Мұстафа қажының Мұсылмандар діни басқармасына (Уфа қаласы) қасиетті Меккеге қажылыққа баруға ниетті екені айтып, өтініш жазғаны жайлы қызықты мәліметтерге қол жеткіздік. Алайда оның өтініші қанағаттандырылмаған. Содан соң Мұстафа қажы Өзбек КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі уәкілге жүгінеді. 1955 жылы 8 сәуірде қажылыққа кандидатурасын мақұлдау туралы өтініш жазып, 1947 жылдан бері жол қаражатын жинап кассасында сақтайтынын көрсетеді. Ол иманды мұсылман ретінде Алла Тағала бізге парыз еткен қажылықты өтеуге мүмкіндік беруін сұрайды. Бұл өтініштің түпнұсқасы Жетіқара қалалық мәдениет үйінің мұражайында сақталған.

(Продолжение на 7 стр.).